

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 43 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 ақпанда № 4068 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27- бабының 3- тармағына, 46 -бабы 2 -тармағының 4) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Айыртау ауданы мәслихатының аппараты" мелекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 70 қаулысы (2015 жылы 09 сәуірде "Айыртау таңы" және "Айыртауские зори" газетерінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 01 сәуірінде № 3188 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы Ә.Ә. Ғаббасовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастеміров